

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер үкіметтерінің арасындағы Төтенше жағдайларды жоюға көмек көрсету кезіндегі өзара іс-қимыл туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 шілдедегі N 672 Қаулысы

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.22. N 1064 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер үкіметтерінің арасындағы Төтенше жағдайларды жоюға көмек көрсету кезіндегі өзара іс-қимыл туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі Шалбай Құлмахановқа Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер үкіметтерінің арасындағы Төтенше жағдайларды жоюға көмек көрсету кезіндегі өзара іс-қимыл туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.22. N 1064 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер үкіметтерінің арасындағы Төтенше жағдайларды жоюға көмек көрсету кезіндегі өзара іс-қимыл туралы КЕЛІСІМ

Осы Келісімнің қатысушылары болып табылатын Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері (бұдан әрі - Тараптар), төтенше жағдайлар келтіретін қауіпті сезіне отырып, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің әл-ауқаты мен қауіпсіздігіне жәрдемдесетінін т а н и отырып,

Шанхай ынтымақтастығы ұйымына мүше мемлекеттердің төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, сондай-ақ қоршаған табиғи ортаға мониторинг

ұйымдастыру жөнінде келісілген саясат жүргізуді талап ететін экологиялық жүйелерінің өзара тәуелділігіне сүйене отырып,
Тараптардың бірінің күштерімен және құралдарымен жоюға болмайтын төтенше жағдайлардың туындау мүмкіндігін, сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою мақсатында Тараптардың үйлескен іс-қимылдарында осыдан туындайтын қажеттілікті назарға ала отырып,
төтенше жағдай кезінде көмекке өңірлік ынтымақтастық қағидаттарын қолдануға ынта білдіре отырып және зардап шеккен халыққа тиімді және үйлестірілген көмекті қамтамасыз ету үшін бірлесе күш сала отырып,
төтенше жағдайларда халықаралық көмек көрсету жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының және басқа да халықаралық ұйымдардың күш салуын қолдай отырып,
ізгілік қағидаттарына сүйене отырып,
мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Айқындамалар

Осы Келісімде қолданылатын ұғымдардың мынадай мағыналары бар:

"сұратушы Тарап" - көмек көрсету жөніндегі топтарды, жарақтар мен қамтамасыз ету материалдарын жіберу туралы өтінішпен басқа Тараптарға жүгінетін Тарап;

"ұсынушы Тарап" - көмек көрсету жөніндегі топтарды, жарақтар мен қамтамасыз ету материалдарын жіберу туралы сұратушы Тараптың өтінішін қанағаттандырушы
Т а р а п ;

"күзыретті орган" - осы Келісімді іске асыруға байланысты жұмыстарға басшылық ету және үйлестіру үшін Тараптардың әрқайсысы тағайындайтын мемлекеттік орган;

"көмек көрсету жөніндегі топ" - төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсетуге арналған және сұратушы Тарап келіскен жағдайда әскери персонал қосылуы мүмкін қажетті жарақтармен қамтамасыз етілген Тараптарды білдіретін (қажет болған жағдайда кинологиялық тобы бар) ұйымдасқан мамандар тобы;

"төтенше жағдай" - аварияның, қауіпті табиғи құбылыстың, апаттың, дүлей зілзалананың немесе өзге де зілзалананың салдарынан өзінен кейін адам құрбандығына, адамдарға немесе қоршаған табиғи ортаға зиян, едәуір материалдық шығындар мен адамдардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жағдайларын бұзуға әкелуі мүмкін немесе әкелген белгілі бір аумақтағы ахуал;

"төтенше жағдайды жою" - төтенше жағдай туындаған кезде жүргізілетін және адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтауға, қоршаған табиғи ортаға зиянның және материалдық шығындардың мөлшерін төмендетуге, сондай-ақ төтенше жағдайлар аймағын оқшаулауға, ол үшін қауіпті сипаттағы факторлардың әрекетін тоқтатуға бағытталған авариялық-құтқару және басқа да шұғыл жұмыстар;

"төтенше жағдайлардың алдын алу" - алдын ала жүргізілетін және төтенше жағдайлардың туындау қаупін барынша азайтуға, сондай-ақ адамдардың денсаулығын сақтауға, қоршаған табиғи ортаға зиян және материалдық шығындар туындаған жағдайда олардың мөлшерін төмендетуге бағытталған іс-шаралар кешені;

"төтенше жағдай аймағы" - төтенше жағдай қалыптасқан сұратушы Тарап мемлекетінің аумағы;

"авариялық-құтқару жұмыстары" - төтенше жағдай аймағында адамдарды, материалдық және мәдени құндылықтарды құтқару табиғи ортаны қорғау төтенше жағдайларды оқшаулау және ол үшін қауіпті сипаттағы факторлардың мүмкін болатын әсерін ең аз деңгейге жеткізу жөніндегі іс-қимылдар;

"жарақтар" - материалдар, техникалық және көлік құралдары, қару мен оқ-дәріні қоспағанда, төтенше жағдайларды жоюға арналған көмек көрсету жөніндегі топтың жарақтары және топ мүшелерінің жеке жарақтары;

"қамтамасыз ету материалдары" - төтенше жағдайлар нәтижесінде зардап шеккен халықтың арасында бөліп беруге арналған материалдық құралдар;

"транзит мемлекеті" - үкіметі осы Келісімге қатысушы болып табылатын, ұсынушы және сұратушы мемлекеттерді қоспағанда, аумағы арқылы көмек көрсету жөніндегі топтар, жарақтар мен қамтамасыз ету материалдары алып өтілетін мемлекет;

"үшінші мемлекеттер" - Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің барлығы ресми танитын, осы Келісімге қатысушы болып табылмайтын мемлекеттер.

2-бап

Ынтымақтастық қағидаттары мен нысандары

1. Тараптар төтенше жағдайларды жоюға дереу көмек беру мақсатында жалпы танылған қағидаттар мен халықаралық құқық нормаларын, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің заңнамасын сақтай отырып, осы Келісім ережелеріне сәйкес ынтымақтасады.

2. Тараптардың біреуінің мемлекеті аумағында төтенше жағдай туындаған жағдайда немесе оның пайда болу қаупі туындағанда бұл Тарап көмек беру туралы сауалымен басқа Тарапқа немесе Тараптарға жүгіне алады.

3. Тараптар өздерінің мүмкіндіктеріне сәйкес және ерікті негізде бір-біріне көмек көрсетеді. Көмек көрсету шарттары Тараптардың уағдаластығы бойынша белгіленеді.

4. Сұратушы Тарап зардап шеккен халық арасында қамтамасыз ету материалдарын нәсілі, ұлты, діні, тілі немесе өзге де белгілері бойынша ешқандай бір кемсітушіліксіз әділ және ұтымды бөліп беруді қамтамасыз етеді. Сұратушы Тарап ұсынушы Тарапты көмек ретінде алынған қамтамасыз ету материалдарын мақсатты пайдаланғаны туралы хабардар етеді.

5. Тараптар төтенше жағдайлардың туындау жағдайына арналған бірлескен

іс-қимылдарды жоспарлау, қоршаған табиғи ортаға мониторинг жасау, ақпараттар алмасу және мамандар даярлау арқылы төтенше жағдайлардың алдын алу саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықты дамытатын болады.

6. Осы Келісім шеңберінде өткізіліп жатқан қызметтің нәтижесінде алынған ақпаратты, егер Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарымен жазбаша нысанда алдын ала өзгеше келісілмесе, Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес жария етуге жатпайтындарын қоспағанда, әдеттегі практика және нормативтік ұйғарымдар негізінде әрбір Тарап жариялайды және пайдаланады.

3-бап

Көмек беру және ақпарат алмасу туралы сауалдар

1. Көмек көрсету туралы сауалдарды жіберетін органдар Тараптар болып табылады.

2. Көмек сұратушы Тараптың төтенше жағдайдың орны, уақыты, сипаты, ауқымы және ағымдағы сәттегі жай-күйі, сондай-ақ сұратылатын көмектің басымдылығы көрсетілген жазбаша сауалдың негізінде беріледі.

3. Ұсынушы Тарап қысқа мерзімде сұратушы Тараптың сауалын қарайды және оны көрсетілетін көмектің түрлері мен көлемі, сондай-ақ шарттары туралы хабардар етеді. Көмек көрсетуге мүмкіндік болмаған жағдайда бұл туралы ақпарат дереу сұратушы Т а р а п қ а ж і б е р і л е д і .

4. Тараптардың әрқайсысы оның мемлекеті аумағында туындаған төтенше жағдайдың басқа Тараптар мемлекеттерінің аумағына таралып кетуінің алдын алу үшін барлық қажетті шараларды қолданады. Осындай таралудың қаупі туындаған және оны өз күштерімен алдын алуға мүмкін болмаған жағдайда, бұл Тарап басқа мүдделі Тараптарды бұл туралы дереу хабардар етеді және қажет болған жағдайда осы Келісімге сәйкес көмек көрсету туралы сауалын жібере алады.

5. Осы баптың 2-тармағында аталған деректер апат аймағындағы жедел ахуалдың соңғы оқиғалары мен өзгерістерін бейнелеу үшін ұдайы жаңартылып отырады.

4-бап

Көмек түрлері

Көмек төтенше жағдайларды жоюға көмек көрсету жөніндегі топтарды, қамтамасыз ету материалдарын жіберу арқылы не болмаса өзге сұратылатын нысанда көрсетіледі.

5-бап

Құзыретті органдар және байланыс пункттері

1. Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің ережелерін іске асыруға байланысты басшылық жасау, үйлестіру және жұмыстарды орындау үшін құзыретті органды тағайындайды.

2. Тараптар осы Келісімнің депозитарийін тағайындалған құзыретті орган туралы дипломатиялық арналар арқылы жазбаша нысандар хабардар етеді. Депозитарий бұл ақпаратты басқа Тараптарға жолдайды.

3. Осы Келісімнің ережелерін орындауға байланысты мәселелер бойынша өзара іс-қимылдарды ұйымдастыру үшін Тараптардың құзыретті органдары өзара тікелей қарым-қатынас орнатады.

4. Басқа құзыретті органдар тағайындалған жағдайда Тараптар бұл туралы дипломатиялық арналар арқылы депозитарийді хабардар етеді, ол бұл ақпаратты басқа Тараптардың әрқайсысына жеткізеді.

5. Тараптардың құзыретті органдары осы Келісімнің шеңберінде ақпаратпен жедел алмасу үшін байланыс пункттерін белгілейді және бұлар туралы бір-бірін дипломатиялық арналар арқылы хабардар етеді.

6-бап

Төтенше жағдай кезінде көмек көрсету жөніндегі топтардың қызметін басқару

1. Көмек көрсету жөніндегі топтарға жалпы басшылық жасауды осы топтардың басшылары арқылы сұратушы Тараптың құзыретті органы жүзеге асырады.

2. Сұратушы Тарап көмек көрсету жөніндегі топтардың басшыларын төтенше жағдайлар аймағында нақты жұмыс учаскелерінде қалыптасқан ахуал жөнінде хабардар етеді, қажет болған жағдайда, осы топтарды аудармашылармен, байланыс құралдарымен, көлікпен, күзетпен және медициналық қызмет көрсетумен өтеусіз негізде қамтамасыз етеді.

3. Көмек көрсету жөніндегі топтарды жаратқандыру төтенше жағдайлар аймағында автономдық іс-әрекеттер жүргізуге кем дегенде 72 сағат жеткілікті болуға тиіс. Егер Тараптармен өзгедей келісілмеген болса, қорлар түгесілген соң сұратушы Тарап аталған көмек көрсету жөніндегі топтарды олардың жұмысын жалғастыру үшін қажетті құралдармен қамтамасыз етеді.

4. Жұмыстар аяқталған соң көмек көрсету жөніндегі топтың басшысы сұратушы Тараптың құзыретті органына төтенше жағдайды жоюға бағытталған өз тобының іс-қимылдары және оның жұмысының нәтижелері туралы есеп береді.

7-бап

Көмек көрсету жөніндегі топтардың мемлекеттік

шекараны кесіп өту жағдайлары және олардың транзиттік мемлекет пен сұратушы Тараптың аумақтарында болу режимі

1. Көмек көрсету жөніндегі топтың мүшелері сұратушы Тарап мемлекетінің немесе транзиттік мемлекеттің мемлекеттік шекарасын халықаралық қатынасқа ашық Тараптармен келісілген өткізу пункттері арқылы, сұратушы Тарап мемлекеті танитын қолданыстағы құжаттар бойынша кесіп өтеді. Қажет болған жағдайда сұратушы Тарап пен транзиттік мемлекет Тарабы олар үшін кіру визасын дер кезінде ресімдеуді қамтамасыз етеді. Топтың басшысы көмек көрсету жөніндегі топ мүшелерінің тізіміне және ұсынушы Тараптың құзыретті органы берген оның өкілеттігін растайтын құжатқа и е б о л у ғ а т и і с .

2. Кинологиялық топтардың мемлекеттік шекараны кесіп өту тәртібі және транзиттік мемлекет пен сұратушы Тарап мемлекетінің аумақтарында болу тәртібі сұратушы Тарап мемлекетінің аумағында қолданыстағы карантиндік ережелерге сәйкес б е л г і л е н е д і .

3. Көмек көрсету жөніндегі топтың мүшелері транзиттік және сұратушы Тарап мемлекеттерінің аумағында болуы уақытында осы мемлекеттердің заңнамасын сақтауға міндетті. Сонымен бірге, олар ұсынушы Тарап мемлекетінің сақтандыру және еңбек заңнамасы, сондай-ақ соған байланысты мәселелер саласындағы заңнамасы бөлігіндегі з а н и құқығына қ а р а й д ы .

4. Көмек көрсету жөніндегі топтардың орын ауыстыруы, олардың жарақтары мен қамтамасыз ету материалдарын тасымалдау автомобиль, темір жол, су және әуе к ө л і г і м е н ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Көмек көрсету жөніндегі топтардың, олардың жарақтары мен қамтамасыз ету материалдарының орын ауыстыруы үшін көлікті пайдалану тәртібін ұсынушы және сұратушы Тараптардың құзыретті органдары белгілейді.

8-бап

Транзит

1. Тараптар өз мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес сұратушы Тарап мемлекетінің аумағындағы төтенше жағдайларды жою үшін бара жатқан ұсынушы Тараптың көмек көрсету жөніндегі топтарын, жарақтары мен қамтамасыз ету материалдарын өз мемлекеттерінің аумақтары арқылы кідіріссіз транзитке жәрдемдеседі.

2. Осы баптың 1-тармағының ережесі мүдделі Тараптар арасындағы келісім бойынша үшінші мемлекеттердің аумағындағы төтенше жағдайларды жоюға баратын Тараптардың көмек көрсету жөніндегі топтарын, жарақтары мен қамтамасыз ету материалдарын өз мемлекеттерінің аумақтары арқылы транзитіне қатысты әрбір нақты жағдайда қолданылады.

9-бап

Төтенше жағдайларды жою кезінде көмек көрсетуге арналған жарақтар мен қамтамасыз ету материалдарын әкелу, әкету және олардың транзиті

1. Жарақтар мен қамтамасыз ету материалдары ұсынушы Тарап мемлекетінің аумағынан ұсынушы Тарап мемлекетінің заңнамасына сай әкетіледі.

Жарақтар мен қамтамасыз ету материалдары сұратушы Тарап мемлекетінің аумағына сұратушы Тарап мемлекетінің заңнамасына сай әкелінеді. Оларды тек төтенше жағдайларда көмек көрсету мақсатында және көмек көрсету жөніндегі топтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін пайдалануға ғана жол беріледі.

2. Жарақтарды және қамтамасыз ету материалдарын кедендік ресімдеу Тараптардың құзыретті органдары берген хабарламалардың негізінде оңайлатылған түрде және басымдықты тәртіппен жүргізіледі, оларда көмек көрсету жөніндегі топтардың құрамы, әкелінетін немесе әкетілетін жарақтар мен қамтамасыз ету материалдарының тізбесі көрсетіледі.

3. Көмек көрсету жөніндегі топтарға тек қана осы баптың 2-тармағында аталған тізбелерде көрсетілген жарақтар мен қамтамасыз ету материалдарын сұратушы Тарап мемлекетінің аумағына әкелуге және транзит мемлекеттердің аумақтары арқылы тасып өткізуге рұқсат етіледі.

4. Зардап шеккендерге жедел медициналық көмек көрсету қажет болған жағдайда, сұратушы Тарап мемлекетінің аумағына онымен келісе отырып және сұратушы Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес құрамында есірткі заттар мен психотроптық заттары бар медициналық дәрі-дәрмектердің қажетті саны әкелінуі мүмкін. Мұндай жағдайда көмек көрсету жөніндегі топтың жетекшісі ұсынушы және сұратушы Тараптардың кедендік органдарына құрамында есірткі заттар мен психотроптық заттары бар медициналық дәрі-дәрмектердің болуы туралы декларацияны, олардың номенклатурасы мен санын көрсете отырып ұсынады.

5. Құрамында есірткі заттар мен психотроптық заттары бар медициналық дәрі-дәрмектерді тек ұсынушы Тараптың білікті медициналық персоналының пайдалануға құқығы бар. Сұратушы Тараптың тиісті лауазымды адамдары құрамында есірткі заттар мен психотроптық заттары бар аталған медициналық дәрі-дәрмектердің пайдаланылуына және сақталуына бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

6. Құрамында есірткі заттар мен психотроптық заттары бар пайдаланылмаған медициналық дәрі-дәрмектер сұратушы Тарап мемлекетінің аумағынан осы дәрі-дәрмектердің номенклатурасы мен санын растайтын құжаттардың негізінде әкетілуге тиіс. Құрамында есірткі заттар мен психотроптық заттары бар жұмсалған медициналық дәрі-дәрмектерге олардың пайдаланылғандығы туралы сұратушы Тараптың кедендік органдарына көмек көрсету жөніндегі топтың жетекшісі мен

2. Сұратушы Тарап кез келген сәтте оған көмек көрсету туралы өз өтінішін өзгертуі мүмкін, бірақ бұл жағдайда ұсынушы Тарап, егер Тараптар бұл туралы келіспеген болса, көмек көрсету бойынша оған келтірілген шығыстарды өтетуге құқылы.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында аталған шығыстарды өтеу, егер Тараптар бұл туралы келіспеген болса, бұл туралы сұратушы Тараптың талабын ұсынушы Тарап алғаннан кейін он күн мерзімде Тараптардың құзыретті органдары қол қойған көмек көрсету бойынша қаржылық шығыстар туралы екіжақты актінің негізінде еркін айналымдағы валютамен жүргізіледі.

4. Ұсынушы Тарап өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес көмек көрсету жөніндегі топтың мүшелерін сақтандырады.

12-бап

Залалды өтеу

1. Сұратушы Тарап көмек көрсету жөніндегі топ мүшелерінің жарақаттануына немесе қаза болуына байланысты медициналық және көліктік шығыстарды өтеуді, егер бұл осы Келісімді іске асыру жөніндегі төтенше жағдайларды жою кезінде болса, өз м о й н ы н а а л а д ы .

2. Егер көмек көрсету жөніндегі топ мүшесі сұратушы Тарап мемлекетінің аумағында осы Келісімді іске асыруға байланысты міндеттерді орындау кезінде заңды немесе жеке тұлғаға зиян келтірсе, онда залалды өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес с ұ р а т у ш ы Т а р а п ө т е й д і .

3. Топ мүшелерінің қасақана келтірген зиянды ұсынушы Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес ұсынушы Тарап өтейді.

13-бап

Басқа халықаралық шарттарға көзқарас

Осы Келісім Тараптардың мемлекеттері қатысушысы болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

14-бап

Келіспеушілікті реттеу

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге немесе қолдануға қатысты келіспеушіліктер консультациялар немесе келіссөздер арқылы шешіледі.

15-бап

Өзгерістер мен толықтырулар

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша оның ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Келісімнің 16-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін жеке хаттамалар арқылы ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

16-бап

Келісімнің күшіне енуі және қолданылу мерзімі

1. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады.

2. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін Тараптардың қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы төртінші хабарламаны депозитарийге сақтауға берген күннен бастап 30 күні күшіне енеді.

3. Осы Келісімге қол қойған және оның күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы хабарламаны осы баптың 2-тармағында көрсетілген күннен кейін тапсырған Тарап үшін, Келісімнің күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы хабарламаны депозитарийге сақтауға ол тапсырған күні Келісім күшіне енеді.

17-бап

Депозитарий

Осы Келісімге қол қойылғаннан кейін 15 күннің ішінде барлық Тараптарға оның расталған көшірмелерін жіберетін Шанхай ынтымақтастығы ұйымы осы Келісімнің депозитарийі болып табылады.

18-бап

Қосылу

Осы Келісім Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше болған кез келген мемлекеттің қ о с ы л у ы ү ш і н а ш ы қ .

Қосылған мемлекет үшін осы Келісім депозитарий қосылу туралы құжатты алған күннен бастап 30-шы күні күшіне енеді, бірақ 16-баптың 2-тармағында көрсетілген күннен ерте күшіне ене алмайды. Депозитарий барлық Тараптарды қосылған мемлекеттер үшін Келісімнің күшіне енгені туралы хабардар етеді.

19-бап

Келісімнен шығу

1. Тараптардың әрқайсысы депозитарийге болжанып отырған шығу күніне дейін кем дегенде 3 ай бұрын осы туралы хабарлама жібере отырып, осы Келісімнен шыға алады. Депозитарий осы ниет туралы басқа Тараптарды шығу туралы хабарламаны алған күннен бастап 30 күннің ішінде хабардар етеді.

2. Осы келісім қолданысының тоқтатылуы, егер Тараптар өзгедей туралы келіспеген болса басталған, бірақ оның күші тоқтатылғанға дейін аяқталмаған, оған сәйкес жүзеге асырылатын қызметті қозғамайды.

200_ жылғы " __ " _____ орыс және қытай тілдерінде бір данада жасалды, әрі екі мәтіннің де бірдей күші бар.

<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Қытай</i>	<i>Халық Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Қырғыз</i>	<i>Республикасының</i>
<i>үкіметі үшін</i>	<i>Ресей</i>	<i>Федерациясының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Тәжікстан</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Өзбекстан</i>	<i>Республикасының</i>